




### АЯЛДАМАЛАР САНЫ АРТАДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



### СЕКСЕН КӨЛ СУАЛЫП КЕТПЕСІН...

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### САБАҚТАСТЫҚ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бізге оның мейлінше шағын және қолайлы болғаны маңызды. Сондай-ақ тапсырмалардың орындалуын бақылау және бағалау жұмысын да қайта қарауымыз керек. Бұл – жұртшылықтың сұранысы. Басқаша айтқанда, қазір қоғамда жаңа әдіс-тәсілдерге, жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныс аса жоғары. Сондықтан саяси мемлекеттік қызметшілердің резерві құрылады, соның арқасында «қосымша кадрлар тобы» қалыптасады.

№107  
(4540)  
Сенбі  
9 қыркүйек  
2023 жыл




# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елімізде 10 жылдан бері қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күні ретінде аталып келе жатыр. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының биылғы мерейтой салтанаты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың байқау жеңімпаздарына арнаған құттықтауымен ашылды. Биылғы байқауда 3344 отбасы бақ сынаса, оның ішінде елордадан 210 отбасы қатысты.

## «JOLTAR» ТЕГІН КЕҢЕС БЕРЕДІ

Бас қалада іске қосылған «Joltar» жобасы арқылы астаналықтарға тегін кеңес беріледі.

Бүгінгі таңда елорданың аумағында «Joltar» жобасының «Баршаға мүмкіндік» деп аталатын 10 кеңесі жұмыс істеп тұр. Мұнда келушілер мемлекеттік қолдау шаралары, жұмысқа орналасу, сондай-ақ, жұмыс және цифрлық дағдыларды игеру мүмкіндіктері бойынша тегін кеңес ала алады.

«Joltar» жобасы Мемлекет басшысының өнімді жұмыс орындарын құруға баса назар аудара отырып, белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындау мақсатында жүзеге асып жатыр. Жоба қызметі, тұтастай алғанда, қазіргі әлеуметтік реформаларға тиімді қосымша. Жобаның бірлескен операторы – «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры.

3

## ЖӘРМӨҢКЕ ЖАЛҒАСАДЫ

Астанада өңірлерден тауар өндірушілердің қатысуымен дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі жалғасады.



Бүгін және ертең Жамбыл мен Атырау облысының тауар өндірушілері астаналықтарға өз азық-түліктерін ұсынады. Жәрмеңкедегі барлық өнім нарықтағы бағадан 15-20 пайызға төмен сатылады.

Биыл өңірлер жәрмеңкесін өткізу орны өзгерді: «Барыс Арена» мұз сарайына қарама-қарсы аумақтан ҚазҰӨУ алдындағы алаңға (Тәуелсіздік даңғылы, 50) ауысты.

Жәрмеңкелер демалыс күндері, яғни сенбі-жексенбі күндері өтеді.

5

# МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы волонтерлік гранттар байқауын жариялайды.

**14 пен 35 жас** аралығындағы азаматтар волонтерлік жобаларды іске асырып, бақ сынап алады. Грант мөлшері **350 000** теңгені құрайды. Өтінімдерді қабылдау **1-10 қыркүйек** аралығында өтеді. Гранттық байқауға қатысушы бар болғаны өтінім қалдыру қажет. Байқау бойынша 8-700-300-90-60 нөміріне хабарласуға болады.

## ҮМІТІҢДІ ҮЗБЕ, ЖАНКҮЙЕР!

Футболдан ЕУРО-2024 чемпионатының іріктеу кезеңінің бесінші турында Қазақстан құрамасы Финляндия командасынан 0:1 есебімен ұтылып қалды.

Осы матчты көруге 30 мыңнан аса жанкүйер келді. Бұл «Астана Арена» стадионында бұрын болмаған рекорд болып тіркелді. Бұған дейінгі рекорд 2019 жылы Қазақстан мен Ресейдің арасындағы ойынға тиесілі болған, онда 29582 көрермен жиналған еді. Сондай-ақ Германия, Дания, Грузия құрамаларымен

өткен ойындарды да 30 мыңға жуық жанкүйер тамашалаған еді.

Қазақстан құрамасы ЕУРО-2024 аясындағы келесі ойынды ертең, 10 қыркүйекте Солтүстік Ирландияға қарсы өткізеді. Бұл ойынға да қалың жанкүйер келеді деп күтілуде. Матч сағат 19:00-де басталады.





## ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯДЫ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Албания Президенті Байрам Бегайды қарсы алу рәсімі өтті. Екі ел басшыларына Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң, Қазақстан мен Албанияның мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Байрам Бегай бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Содан кейін Қазақстан мен Албания президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Қазақстан астанасына келгені үшін Албания Президентіне алғыс айтты.

«Бұл – тарихта Албания Президентінің Қазақстанға жасаған алғашқы сапары. Сіздің ресми сапарыңыз өзара ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан өте маңызды. Қазақстан Сіздің еліңізбен тығыз қарым-қатынас жасауға ниетті. Біз екі тараптың мүддесіне сай келетін көптеген салада өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік мол деп санаймыз. Екі аптадан соң елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толады. Сіздің сапарыңыздың осы айтулы датамен тұспа-тұс келуінің символдық мәні бар» деді Президент.

Өз кезегінде Албания Президенті Байрам Бегай Астанаға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

«Қазақстанға сапармен келгеніңіз үшін өте қуаныштымын. Арнайы шақырғаныңыз

үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Өзіңіз айтқандай, бұл сапар дипломатиялық байланыстарымыздың 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл біздің саяси қарым-қатынасымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Енді экономикалық ынтымақтастығымызды одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер тауып, бірлесе жұмыс істеуіміз керек. Сізді Албанияға сапармен келуге шақырамын» деді Байрам Бегай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Албания Президенті Байрам Бегай екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөздер жүргізді. Тараптар сауда-экономикалық, көліктік-логистикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән бере отырып, Қазақстан мен Албания арасындағы серіктестіктің негізгі мәселелерін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің қарым-қатынасын одан әрі нығайту үшін зор мүмкіндік пен әлеует бар екеніне назар аударды.

«Біз Албанияны Балқан түбегіндегі өте маңызды серіктес

ел ретінде қарастырамыз. Бұл кездесу – өзара тиімді ынтымақтастығымызды нығайту үшін нақты нәтижеге қол жеткізу тұрғысынан алғанда шешуші сәт. Қазақстан мен Албанияны көптеген ортақ дүние байланыстырады. Біздің елдерімізде көптеген ұлт пен дін өкілдері мекен етеді. Сонымен қатар екі ел халқының да басым көпшілігі – мұсылмандар. БҰҰ, ЕҚЫҰ және ИЫҰ секілді ірі халықаралық ұйымдар аясындағы ынтымақтастығымыз бен байланыстарымызды нығайту қажет» деді Мемлекет басшысы.

Президент Астана мен Тирана арасында тікелей әуе қатынастарын орнату қажет екенін айтты.

«Туризм, көлік, энергетика және басқа да салалардағы мүмкіндіктер туралы айта келе, астаналарымыз арасында тікелей әуе қатынасын ашу мүмкіндігін қарастыру қажет. Қазақстан өзара ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін тағы да атап өткім келеді. Біз нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев SINOPEC корпорациясының президенті Юй Баоцайды қабылдады. Мемлекет басшысына SINOPEC компаниясының еліміздегі қызметінің қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Әңгімелесу барысында геологиялық барлау және мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру салаларындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды. Президент отандық

компаниялардың SINOPEC корпорациясымен өзара іс-әрекеті Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігін нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді. Сонымен қатар Қасым-

Жомарт Тоқаев энергетика және химия салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру кезінде су үнемдейтін технологияларды енгізу маңызды екеніне назар аударды.



## ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

Жылдан-жылға білім саласына қойылатын талап күшейіп келеді. Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында елордадағы білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы туралы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен брифинг өткізді. Диалог алаңында жаңа оқу жылына дайындық, білім саласына қатысты өзекті тақырыптар сөз болды.



– Астанада жаңа оқу жылында 1-сыныпқа 27 мың бала барды. Қаладағы балалардың жалпы саны – 259 мың. 169 мектеп білім береді, оның ішінде 101 мемлекеттік, 61 жекеменшік, 7 республикалық мектеп бар. 67642 баланы қамтитын 100 мемлекеттік, 402 жекеменшік, 3 ведомстволық, 505 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап балабақша

тәрбиешілерінің жалақысы 30 пайызға өседі. 9 мемлекеттік, 23 жекеменшік, барлығы 32 колледж бар. 2696 орынға есептелген 18 жатақханаға қаладан тыс жақтан келген студенттер орналасты, – деді Есет Берікұлы өз сөзінде.

Жалпы Астананың білім ошақтарында 23533 педагог бар. Биыл 900-ден астам педагогикалық мамандықтарға грант бөлінді. Биыл қала мек-

тептеріне педагогикалық жоғары оқу орындарында әкім гранты бойынша білім алған 132 түлек келді. Жаңа оқу жылына қаланың 100 мектебіне қосымша 833330 дана оқулық пен оқу-әдістемелік кешені сатып алынды. Елордада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны – 16527. Инклюзивті білім алу үшін 64 балабақшада және 89 мектепте жағдай жасалған.

## КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТТІ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына сәйкес, елордада 2023-2025 жылдар аралығында екі ауысымда 90 мың орынға арналған 24 мектеп салу жоспарланған. Оның 23-і келесі жылы есігін ашады, тағы біреуі 2025 жылы пайдалануға беріледі. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Депутаттармен бірге «Жайлы мектеп» жобасының құрылыс алаңдарында көшпелі кеңес өткіздім. Бүгінгі таңда мектеп құрылысына арналған 5 жер учаскесі бойынша алып қою және бұзу жүзеге асуда, қалған аумақтар ресімделіп, оларда құрылыс жүргізілуде. Жауапты

орғандар мен құрылыс жүргізушілерге оқу орындарын тапсыру мерзіміне ғана емес, сонымен қатар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу мен жүргізу сапасына да көңіл бөлуді тапсырдым. Сонымен қатар, тиісті инфрақұрылымды – кірме жолдарды, аялдамаларды,

көгалдандыруды, жарықтандыруды, бейнебақылау камераларын, жол белгілерін және т. б. орнату туралы ұмытпау керек. Біздің балалар ыңғайлы жағдайда оқып, олардың ата-аналары да қолайсыздықты сезінбеуі қажет» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында мәслихат төрағасы.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Түркия астанасы – Анкара төрінде Арқадағы шертпе күйдің атасы – Тәттімбет Қазанғапұлының ескерткіші бой көтерді.**

Анадолы топырағында күйшінің ескерткішін орнату бастамасын мемлекет және қоғам қайраткері, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бұрынғы бас хатшысы Дүйсен Қасейінов көтерді. Бұл іс Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен іске асты. Қоладан құйылған ескерткіштің авторы – Мұрат Мансуров.



**Қазір Францияда 56 атом реакторы жұмыс істеп тұр.**

Мемлекет 2050 жылға дейін қосымша тағы 6 атом станциясын салуды жоспарлап отыр. Олардың жалпы құны 50 миллиард еуродан асады. Жақын арада ел парламенті саланы дамытудың мақсаты мен ауқымын айқындайтын заң қабылдамақ, Францияда тұтынатын электр энергияның 70 пайызы атом электр станцияларында өндіріледі. Ел билігі бұл көрсеткішті арттыру үшін 6 атом станциясының құрылысын бастамақ,



**Шотландия билігі вейпингке арналған өнімдерді шығаруға тыйым салу мәселесін қарастырып жатыр.**

Елде вейпингтің жастардың денсаулығына келтіріп отырған зияны алаңдаушылық туғызды. Тиісті сараптама вейперлердің 14 пайызы 18 жасқа толмаған жасөспірімдер екенін анықтады. Оларды электронды темекінің дәмі мен қызылды-жасылды қорабы қызықтыратын көрінеді. Сондай-ақ бұл темекінің қоршаған ортаға келтіріп отырған зияны да белгілі болды.

## МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ СЕРТИФИКАТ ТАПСЫРДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан мектеп түлектеріне елорданың жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқу ақысын төлеуге арналған сертификаттар тапсырды.



Тиісті сертификаттарға жетім балалар, балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектер, ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар ие болды. Сертификаттар 19

мектеп түлегіне дизайн, ақпараттық жүйелер, қазақ тілі мен әдебиеті, көлік логистикасы, жалпы медицина, психология сынды мамандықтарды игеруге берілді.

Елорда әкімдігі мектеп түлектеріне Астананың кез келген жоғары оқу орнында оқуға мыңнан астам грант бөледі. Биылғы оқу жылында грантпен оқуды 30 студент аяқтады. Оның 29-ы дипломын алса, 1-еуі республикалық грантқа көшті. Жалпы 2008 жылдан бері қала әкімдігі көмегімен барлығы 359 адам дипломды маман болды.

Астананың Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жүсіповтің айтуынша, бұл бағытқа жыл сайын қаражат қарастырылады. Қазір 150-ден астам адам оқып жатыр. Ал 359 түлектің 320-сы жұмысқа орналасқан.

2023-2024 оқу жылына бекітілген мамандықтар тізбесіне сәйкес, басымдық медициналық, педагогикалық және техникалық мамандықтарға берілген.

## МЕМЛЕКЕТШІЛ АЗАМАТ, ӨНЕР МАЙТАЛМАНЫ ЕДІ

Кеше бас қалада мемлекет және қоғам қайраткері, әйгілі «Досмұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі Шәріп Омаровтың туғанына 75 жыл толуына орай М.Әуезов, 22 мекенжайындағы тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылып, «Шынайы ғұмыр кешкен азамат» кітабы жарық көрді, ҚР Қарулы күштерінің мемлекеттік әскери-тарихи музейінде еске алу концерті өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

– Шәріп Омаров ағамыздың өмірі мен еңбегі өнегеге толы. Бұл кісі еліміздің тәуелсіздігі жолында еңбектеніп, мемлекеттік мүддеге жұмыс істеген мемлекетшіл азаматтың бірі еді. Басты еңбегі – мемлекеттік шекараны шегендеуге атсалысты. Бұған қоса, дара тұлға, қоғам қайраткері, өнер майталманы, «Досмұқасан» ансамблінің құрылуының басында тұрған азаматтың бірі. Мемлекеттік саясат пен өнер саласында ғана еңбектенбей, қазақ жастарының болашағына көп еңбек атқарды. Соңына көптеген ғылыми жұмыс қалдырды. Сол зерттеулері арқылы әлі толыққанды зерттелмеген өзіміздің болашағымыз, қазақ жастарының біліміне, халқымыздың мәдени мұрасына үлкен үлес қосты, – деді ескерткіш-тақтаның ашылуында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Қоғам қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Ирак Елекеев Шәріп Омаровпен Парламент Мәжілісінде бірге қызмет істеген жылдар естелігін жаңғыртты. Адами келбетіне тоқталды. Ескерткіш-тақтаның ашылуына бастама көтерген Астана қаласы мәслихаты депутаты Валерий Громов Шәріп Омаровпен бірге жұмыс істеген жылдарды тебірене еске алды. Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Төлеген Қуанышев осыдан бес ай бұрын бір топ



Философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Досмұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі Ұлықпан Сыдықов осы шараның рухани, тарихи, саяси, азаматтық, адамгершілік тұрғыдан маңызы өте зор екенін айтты. Шәріп Омаровпен бірге жоғары оқу орнында оқығанын атап өтіп, сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың қырларына тоқталды. «Досмұқасандағы» жылдар туралы естеліктерді жеткізді.

Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты Валерий Громов Шәріп Омаровпен бірге жұмыс істеген жылдарды тебірене еске алды. Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Төлеген Қуанышев осыдан бес ай бұрын бір топ

азамат Шәріп Омаровтың 75 жылдығына орай қандай шаралар өткізу туралы ойласқанын, нәтижесінде елордада тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнату, қызмет істеген мекемеде дөңгелек үстел отырысын өткізу, еңбектері мен естеліктерін жинақтап кітап шығару, еске алу концертін ұйымдастыру жоспарын құрғанын айтты. Соның бәрі іске асып жатқанын атап өтті. М.Әуезов, 22 мекенжайындағы үйде Серікболсын Әбділдин, Шерхан Мұртаза, Амангелді Айталы, Құдайберген Сұлтанбаев, Қаратай Тұрысов тұрғанын айтты.

Ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатын Шәріп Омаровтың жары, Қазақстанның Халық әртісі Гауһар Мырзабекова түйіндеп, осы шараға атсалысқан азаматтарға алғыс айтты.

**Үндістан елі болашақта Бхарат деп аталуы мүмкін.**

Үнді үкіметі елдің тарихи атауын қайтармақ ниетте парламенттің арнайы сессиясына тиісті қарар дайындады. Ел Конституциясының 1-бабына Бхарат атауы енгізілмек. Кезінде британдықтар Бхарат атауын Үндістанға ауыстырған. Бұған дейін сол мемлекет мыңдаған жыл бойы Бхарат атауымен танылған. Ел Үкіметінің пікірінше, Үндістан атауы отаршылдықтың символы іспеттес, сондықтан Үндістан деген сөз ел Конституциясынан алынып тасталуы керек.



**Алғаш рет сұйық сутегімен ұшатын ұшақ таныстырылды.**

Әуе көлігін неміс авианженерлері жасап шығарған. Оның басты артықшылығы – экологиялық тазалығында. Ол ауаға ешқандай зиянды қалдық шығармайды. Ал оған қолданылатын отынды күн мен жел энергиясынан өндіруге болады. Ұшақ 1,5 мың шақырымға дейін ұша алады. Эйрбас компаниясы сутегімен ұшатын жолаушылар ұшағын нарыққа 2035 жылы шығаруды жоспарлап отыр.

Елорда әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы алаңында елорданың бизнес қауымдастығымен кездесті.

## КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жиында туризм, денсаулық сақтау, сауда және қызмет көрсету салаларындағы жергілікті қамту үлесін арттыру жолдары мен ұсыныс бойынша бастамалар мәселелері талқыланып, осы саланы одан әрі дамыту шаралары ұсынылды. Қатысушылар экономиканы қолдауға және кәсіпкерлердің табысын арттыруға, олардың дамуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған түрлі бастама жөнінде пікір алысты.

Сондай-ақ Ерлан Бекмырзаев China Daily басшылығының өкілдерімен кездесті. Кездесуде Астана

мен Қытай арасындағы БАҚ, сауда, туризм және білім алмасу саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Түрлі өнімдер мен кең ауқымды қызмет көрсететін, әлемнің түкпір-түкпірінен келетін қатысушылар мен тұтынушыларды қызықтыратын Қытай халықаралық СПЕ импорт көрмесі туралы әңгіме болды. Қала әкімі орынбасарының айтуынша, бұл – әлем елдерінің Қытай нарығына ең жақсы өнімдерін ұсынатын бірегей алаң. Сонымен қатар бұл көрме елорда кәсіпкерлеріне бизнесін кеңейтуге мүмкіндіктер ашады.

## «JOLTAR» ТЕГІН КЕҢЕС БЕРЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Баршаға мүмкіндік» модульдік бекеттері мына мекенжайларда орналасқан:

«Саянұр» базары, Н.Тілендиев даңғылы, 24/5;

Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;

«Big Шанхай» базары, Алаш тасжолы, 32А;

«Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;

«Euromall» СУ, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 24;

«Ailand» ОДО, Қорғалжын тасжолы, 2;

«Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;

«Мечта» СУ, Сығанақ көшесі, 3;

«Азия Парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21;

«Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26.

Жобаға қоғамдық тамақтану, сауда, құрылыс, көлік және қызмет көрсету салаларындағы ірі бизнес өкілдері мен сала көшбасшылары жұмылдырылды. Оған кез келген адам қатыса алады және көрсететін қызметі тегін. «Joltar» аясында тұрғындар қаланың бос жұмыс орындары бар «Jumys tar» Telegram-бот секілді құралын пайдалана алады, сала көшбасшыларының талаптары мен стандарттары, цифрлық дағдылар (фрилансқа арналған мамандықтар) және шағын бизнесті ашуға арналған шағын несиелеу бағдарламалары жөнінде жұмыс мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқытудан өте алады.

### ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды іске асыру. Ескі тұрғын үйді бұзу, жалға берілетін тұрғын үй. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Көпшілік тыңдаулар 2023 жылғы 14 қыркүйек сағат 11:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді. Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## АЯЛДАМАЛАР САНЫ АРТАДЫ



Қазіргі таңда Алматы ауданының аумағында жалпы саны 444 аялдама кешені бар, оның 41-і – жылы аялдама. Жалпы жылы аялдамалар адам көп жүретін жерлер мен әлеуметтік нысандар шоғырланған аумақтарда орнатылуда. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, аялдамаларды күтіп ұстау мен қауіпсіздігін арттыру міндеті тұр.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, ағымдағы жылдың соңына дейін ауданда 10-нан астам жылы және ашық (қалалық) аялдама орнатылады.

Алматы ауданы әкімі аппаратының теңгеріміндегі аялдама кешендерінде қызмет көрсету, атап айтсақ, жөндеу-қалпына келтіру жұмысы және қоқыстан тазарту тұрақты түрде жүзеге асуда. Санитарлық тазалау жұмыстары

аптасына екі рет жүргізіледі.

Аялдамалардың жағдайына қатысты шағымдар болса, аудан тұрғындары Абылайхан Айыповқа мына телефон нөмірлері арқылы хабарлай алады: 55-18-32, 8-747-330-34-87.

Сондай-ақ фото және видеоматериалдарды @almaty\_audany ресми парақшасына direct-ке және 8-707-170-11-81 нөмірі бойынша WhatsApp мессенджеріне жолдай алады.

№107 (4540) 09/09/2023 Сенбі



**Ерлан САИРОВ,**  
Мәжіліс депутаты:

## НАҚТЫ СЕРПІЛІС ҚАЗЖЕТ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Үкіметке агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліске қол жеткізуді тапсырды.

Отандық ауыл шаруашылығы өте күрделі жағдайда тұр. Gosagro субсидиялау жүйесі қалыптасу режимде жұмыс істемейді. Фермерлер 2020 жылдан бері барлық субсидия түрін уақытында ала алмаған. Бұл оларды жылдық 20 пайызбен қымбат несие алуға мәжбүр етіп, қаржылық жағдайын айтарлықтай нашарлатып отыр.

Тек Ақмола облысы бойынша 23 мың өтінімнің 13 мыңы ғана қаралған, ал Жетісу облысы бойынша 1600 диқан пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды ала алмай отыр. Биыл аграрийлерді қолдауға субсидия өткен жылмен салыстырғанда (426,1 млрд теңге) 5,4%-ға аз бөлінді. Тыңайтқыштарға субсидиялау 23%-ға, пестицидтерге 27%-ға, мал шаруашылығына 21%-ға, бағаны тұрақтандыруға субсидиялау 20%-ға қысқарды. Ауыл шаруашылығын субсидиялауға биыл бөлінген қаржы өткен жылғы қарызды өтеу үшін жұмсалған. Ал биылғы тапсырыс бойынша 124,5 млрд теңге тапшылық пайда болған. Үкімет қосымша қаржы бөлу жөніндегі шешімді әлі қабылдаған жоқ. Мұндай жағдайларда елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аграрлық саланың бәсекеге қабілетін арттыру мүмкін емес. Бүгінде Ресей Федерациясы сүт өңдеушілерді тоннасына 25 доллар көмек жасайды, ал Қазақстанда тоннасына 5 доллардан аспайды. Келесі жылдан бастап Ресей сүт өнімдерін экспорттаушылар үшін көлік шығындарын 100% субсидиялайды. Ал бізде субсидия шектеулі, екінші дәрежедегі банктердің кредиттеу мөлшерлемесі өте жоғары, нәтижесінде қазақстандық өндіріс қысқарып, тоқтауда. «Агропродукт»

(Алматы) және «Маслодел» (СҚО) сынды екі сүт өңдеу ірі кәсіпорны жабылды. 12 құс фабрикасының жұмысы тоқтап, Ресей, Беларусь, Өзбекстаннан құс өнімі импорты артып, Қытайдан сапасы күмәнді өнімдер көптеп әкелінуде.

Ақпан-шілде айларында Ресей және Беларусь шұжық өнімдерінің бағасы Қазақстан нарығында екі есеге төмендеп кетті. Қазақстандық ет кәсіпорындары қоймаларға жұмыс істеуде. Күнбағыс тұқымына экспорттық кеден салығын енгізу нарықтық бағаның 30%-ға төмендеуіне әкелді. Қабылданған шаралар Қазақстанның емес, шет ел өндірушілерінің «пайдасына» жұмыс істеп кетті, май өңдеу зауыттары күнбағысты шетелден тасуда. Мал шаруашылығында да жағдай өте ауыр. Тірі малды әкетуге тыйым салу, ірі қараға экспортты квота жасау шаралары да теріс нәтижелер берді. Ауылда жеке үй шаруашылықтары өзінің малын өткізуге зар болып қалды. Соның салдарынан малға қарап отырған ата-аналар балаларын мектепке дайындауға ақшалары жоқ.

Халық нанды қарызға алатын жағдайға жеткен! Қазақстанның астық нарығындағы жағдай да тұрақсыз. Азықтық бидайдың орташа құны өткен жылмен салыстырғанда 1,5-2 есеге арзандап кетті, бұл ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жаппай банкротқа ұшырауына себеп болуы мүмкін. Яғни еліміздің аграрлық саласы жүйелі дағдарыс алдында тұр. Апапат партиясы отандық аграрийлерді осынау қиыншылық шеңгелінен құтқару қажет деп есептейді. Біздің аграрлық секторға, ауыл адамына адами қамқорлық қажет. Елге бірігіп қамқорлық жасайық! Орын алып отырған оқиғалықтарды депутат корпусымен бірігіп, фермерлерді, сарапшыларды қағыстыра отырып, нақты шешім қабылдау маңызды. Халықтың шыдамы шегіне жетіп тұр.



**Марат МҰСТАФИН,**  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

## ЭКОНОМИКА ӨСІМІНІҢ ИГІЛІГІН ӘРБІР ОТАНДАСЫМЫЗ КӨРУ КЕРЕК

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында алдымен Президент сайлауы алдында айтқан уәделерінің іс жүзінде орындалу межелеріне тоқталды. Алдағы үш жылда атқарылатын шараларды халыққа жеткізді. Осы уақытқа дейін атқарылған іс көп. Мәселен, көптеп айтылып жүрген мұғалімдердің жалақысы 2020 жылдан бастап екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Халыққа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігінің арқасында бір миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді, тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынды. «Ұлттық қор – балаларға»

жобасы қолға алынды. Жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды.

Ал биылғы Жолдаудың басым бағыты экономикаға бағытталды. Барлық экономикалық іс-шаралардың нәтижесі халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуі тиіс. Президент Үкіметке экономикалық өсімді 6-7 пайызға арттыруды міндеттеді. 2029 жылға қарай ұлттық өнімді екі есе көбейтуді тапсырды.

Халықтың жағдайына әсер ететін тапсырманың бірі азаматтардың табысын арттыру үшін келер жылдың басынан ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырды. Бұл – Жолдауда айтылған маңызды тапсырма. Осылайша, елімізде ең төменгі еңбекақының мөлшері үш жыл ішінде екі есе көбейіп, 42500

теңгеден 85 мың теңгеге өседі. Бұл шара 1,8 миллион адамның, бюджет саласындағы 350 мың қызметкердің әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Мемлекет басшысы әлеуметтік салаға, балалар мен жастар жағдайына айрықша тоқталды. Бастапқы білім беру капиталын, жыл сайын мемлекеттік сыйақыны түбегейлі қарауға міндеттеді. Үкіметке бес жастан асқан балаларға арналған «Жаңа келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін құруды тапсырды. Бұл жүйе мен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда, жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Бір сөзбен айтқанда, Президент экономика өсімінің игілігін әрбір азамат көру керектігіне тоқталып, бұл принципті мәселе екеніне ерекше назар аударды.



**Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,**  
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі:

## «АДАЛ АЗАМАТ» ҚАҒИДАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ

– Жыл сайын Парламент депутаттарының бірлескен отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жариялауы үрдіске айналды. Әрине, оны зор үмітпен күтетініміз андақ.

Бұл жолғы Жолдау «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталып, ел экономикасын өркендетуге бағытталды. Еліміздің экономикалық жағдайын түбегейлі өзгерту, халықтың әл-ауқатын жақсарту Жолдаудың басты мақсатына айналған. Барлық саладағы жұмыс пен мүмкіндік жан-жақты сараланған.

Жолдауда стратегиялық маңызы бар энергетика және су ресурстары туралы нақты тұжырымдар жасалған. «Біз электрэнергиясын өндіру мен суды пайдалануда ешкімге, ешбір

мемлекетке тәуелді болмауымыз керек. Ал адамзат тіршілігінің өзегі болып саналатын суды үнемдеп, оның қорын сақтауда аса мұқият болу қажеттілігін әр адам, әр отбасы білуге тиіс. Оны үнемдеуді ескермесек, су тапшылығын тартатынымызды естен шығармау керек» деп қадап айтты Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ кен орындарындағы ауыр да күрделі процестерді өзгерту де назардан тыс қалдырмады. Қарашығанақ, Теңіз, Қашаған секілді мұнай алпауыттары халыққа қолжетімді бағаман газ жеткізуге тиіс деп ескертті.

Президент айтқан тағы бір маңызды мәселе кадр тапшылығын қолдан жасамай, білімді, білікті мамандарды қолдау керектігі жайындағы түйінді

сөзі көңілге үміт ұялатты. Білімді жастардың шетелге кетуі еліне қызмет еткісі келмегендіктен емес, әлі де тоны жібімеген сыбайластық пен трайбализмнің кесірінен, қағажу көргендіктен кетіп жатқаны жасырын емес.

Әділетті Қазақстан, әлеуетті мемлекет боламыз десек, жастарға жол ашып, қорған болуымыз керек. Кадрлық резервтің жасалуы аса қажет. Ұрпақтар сабақтастығын жақсартуды дамытқан жөн. Абайдың «Толық адам» ілімін негізге алып, «Адал азамат» қалыптастыруымыз қажет» деген Президент сөзін ең басты қағида етіп қалыптастыруымыз керек. Олай болса Президенттің сындарлы саясатын қолдап, жаңа белестерге, ұтымды өзгерістерге қол жеткізуге атсалысайық, ағайын!



**Гүлжамал ЖАПАРОВА,**  
«Тұран-Астана» университетінің ректоры:

## РЕФОРМАЛАРДЫ ТОЛЫҒЫМЕН ҚОЛДАЙМЫЗ

– Президенттің кезекті Жолдауы еліміздегі алдағы саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларға арналды, жаңа бастамалар айтылды және ел үшін маңызды шешімдер қабылданды.

Өткен жылдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмысы жүргізілді, көптеген өзгеріс жасалды, билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады, басқару жүйесі президенттік республика үлгісіне көшті. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты нақты іске көшті. Қоғамның саяси мәдениеті жаңа сипатқа ие болды.

Қазір әлемде геосаяси ахуал ушығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті. Былтыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі рекордтық көрсеткіштерге жетті. Еліміз даму жолындағы көптеген жетістік халқымыздың жағдайын жақсартатыны сөзсіз. Құжатта экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстары айқындалды.

Еліміздің өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босату қажеттілігі айтылды. Бұл экономикаға айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара деп түсінеміз. Алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға ұлғайтуға мақсат қойылды. Осындай кезек күттірмейтін жүйелі қадамдардың маңызы аса жоғары. Су шаруашылығы, транспорттық логистика, сыртқы сауда, цифрландыру саласында алдағы уақытта түбегейлі өзгерістер жоспарлануда.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев экономиканы қаржыландыру көздері жайлы Ұлттық қордың қаражатын пайдалану қажеттігі туралы пікірімен бөлісті. Бір бөлігін Қазақстанның бо-

лашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады, қазірден бастап соған жұмсау керек деп нақты айтты. Нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде өсуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Президент өзінің уәдесі бойынша атом электр станциясын салу мәселесін айттып өтті, бұл – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Оны жан-жақтан өлшеп алу керек екені түсінікті. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы қабылдауды шешті.

Жолдауда оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажеттігі айтылды. Бұл тапсырма біздің «Тұран-Астана» университеті стратегиясымен тікелей байланысты. Ұзақ әріптестік өндіріспен тығыз байланысты орнатуға жол ашылады. Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырып отыр. Мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуда. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда, жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың негізгі саяси ұстанымының бірі – қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнату. Ел азаматтарын Отанымыздың алдында адал қызмет етуге, абыройлы іс жасауға, терең білім алып, ерінбей еңбек етуге шақырады. Мемлекет басшысының бұл Жолдауы алдағы реформалардың табысты болуына үлкен сенім ұялатады.

Біз Президенттің түбегейлі реформаларын толығымен қолдаймыз. Қазіргі таңда бұл еліміздің табысты дамуы үшін де, әрқайсымыз үшін де өте маңызды.



**Марина ИБРАЕВА,**  
Астана қаласы №10 емхана директорының орынбасары:

## ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауын биыл да ұжыммен бірге отырып тыңдадық. Тақырып өте өзекті. Себебі елдің әрбір азаматының өмірі алда қандай экономикалық бағыт

алатынымызға байланысты. Мемлекет басшысы денсаулық саласына әрбір Жолдауында тоқталады. Бұл жолы да медицина қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын және жалпы денсаулық сақтау саласын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды шараларды атап өтті. Былтырғы

Жолдауының нәтижесінде ақ халаттылардың жалақысы көтерілгенін, енді олардың еңбекақысы елдегі орташа деңгейден жоғары екенін жеткізді. Сонымен қатар биыл Жолдауда ауылдық жерде 300 денсаулық сақтау нысанын салу жайы айтылды. Бұл, ел азаматтарының қайда тұрғанына қарамастан, медициналық көмекке қолжетімділікті арттыру, медициналық инфрақұрылымды дамытуда маңызды қадам. Президент сонымен қатар өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығына көңіл бөлудің маңызын да айта кетті. Ол үшін білім беру ұйымдарында психологиялық көмек қызметін нығайту, бірыңғай сенім телефонын іске қосу, зорлық-зомбылық және буллинг құрбандарына көмек бағдарламасын әзірлеу керектігі туралы ұсыныс берілді. Біз де балаларымыздың жарқын болашағы үшін бұл бастаманы қолдаймыз. Сонымен қатар Мемлекет басшысы зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету механизмдерін әзірлеу қажеттігін атап өтті. Мұндай қызметкерлерге 55 жастан бастап зейнет жасына жеткенге дейін арнайы әлеуметтік төлем төлеу де ұсынылды. Осы аталған ұсыныс жылдам жүзеге асып, таяу уақытта аталған азаматтар тиісті әлеуметтік қолдауға ие болады деп сенеміз. Себебі әлеуметтік жағдайдың жақсы болуы денсаулық сапасына да әсер етеді.



“

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН САЛУ НЕМЕСЕ САЛМАУ МӘСЕЛЕСІ – БҮЛ ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ АСА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ. СОНДЫҚТАН ОНЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ АРҚЫЛЫ ШЕШКЕН ЖӨН ДЕП САНАЙМЫН

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

”

## ОТБАСЫ КҮНІ

## МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ

Отбасы күні қарсаңында елордада «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы лауреаттарын X мерейтойлық салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Конкурса 10 жыл ішінде Қазақстанның барлық өңірінен 20 мыңнан астам отбасы қатысты. Биыл оған 3 344 отбасы қатысса, соның 40%-ы – қалалық және 60%-ы – ауылдық отбасылар.

Жыл сайын өткізу игі дәстүрге айналған үлгілі отбасылар байқауы – елімізде жанұя құндылықтарының рөлін арттырып, отбасы мен некенің оң имиджін дәріптейтін ауқымды да маңызды оқиғалардың бірі. Биылғы марапаттау рәсіміне мемлекеттік органдардың өкілдері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысты. Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демография-

лық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Аида Балаева салтанатты шараның ашылу барысында байқау жеңімпаздарына Мемлекет басшысының құттықтауын оқып берді.

– Бүгінгі іс-шараның Отбасы күні қарсаңында өтуінің символдық мәні бар. Себебі халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп санап, отбасы институтының берік болуына айрықша назар аударған. Биыл «Мерейлі отбасы» байқауының өткізіле бастағанына

10 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде бұл байқау әулет құндылықтарын нығайтуға бағытталған нағыз халықтық жобаға, өзіндік брендке айналды. Жыл басынан бастап байқаудың өңірлік кезеңдері өтті, оған 3 мыңнан астам отбасы қатысты. Алдағы уақытта жалпыхалықтық жобаға қатысушылар саны арта түседі деп сенеміз. Өйткені елімізде 6 миллионнан астам отбасы бар екені белгілі. Мемлекет басшысы берекелі әрі бақытты отбасы қуатты елдің тірегі екенін атап өтті. Бүгін біз әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси салалардағы іргелі реформалардың куәсі болып отырмыз. Мұның бәрі бірінші кезекте отбасылар мен болашақ ұрпақтың әлауқатын жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер мен жағдайлар жасауға бағытталған. Еліміздің

басты байлығы – берекелі отбасы мен біртұтас қоғам екені сөзсіз, – деді А.Балаева.

Түрлі кәсіп пен еңбек әулеттерінен құралған 20 отбасы өңір жеңімпаздары атанды. Олардың қатарында ұстаздар, қолөнершілер, металлургртер, әскери қызметшілер, кәсіпкерлер, агроөнеркәсіп саласының мамандары бар. Отбасының әрбір мүшесі – ауылдастарының, қала тұрғындарының, әріптестерінің, көрші-қоланың құрметіне бөленген. Отанына адал қызмет етіп жүрген еңбек адамы, ауылдың, қаланың қарапайым еңбеккерлері. Лауреат отбасылар 1 миллион теңге жүлдемен, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Марапаттау рәсімі қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен мерекелі концертпен жалғасты.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ



Биыл «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының Астана қалалық кезеңінде көпбалалы Сәдуақасовтар әулеті жеңімпаз атанды. 2013 жылдан бері өткізілетін аталған байқауға биыл қатысқан 210 отбасының ішінен үздік шыққан олар несімен ерекшеленді?

Әулеттің абзал анасы, 12 баланы дүниеге әкелген Тишжан Сәдуақасованың айтуынша, олар бала санының ғана емес, жетістіктерінің көптігімен де жеңіске жеткен. 2011 жылы елордаға Қарқаралы қаласынан көшіп келген жеңімпаз отбасы еліміздегі кез келген мерекеді жан-жақтан әулет болып елордада бас қосып, барлық мерекені бірге атап өтеді екен. Жолдасы Төкен Сәдуақасов дүниеден өткенге дейін 60 жыл бірге тұрып, балаларын жетілдіріп, жеткізіп, мықты тәрбие берген 80 жастағы 2 дүркін «Алтын алқа» алқа иегері – 6 ұл және 6 қыздың анасы, олардан тараған 37 жиен, немере мен 19 шөберенің асыл әжесі. Олардың көбі білім беру, құқық қорғау салаларында жұмыс істеп, жетістіктерге жеткен. Сол

сияқты спорттағы, қоғамдық және шығармашылық жұмыстардағы, байқаулардағы белсенділігі үшін марапаттарға ие болған. Тишжан әже осындай үлкен әулет қалыптастырып, олардың ауызбірлігін сақтаудағы құпиясымен бөлісті.

– 17 жасымда отбасын құрып, 25 жаста тұңғышымды дүниеге әкеп, ана атандым. Сосын арасына 2 жыл салып қалған балаларымды дүниеге әкелдім. Жолдарым салмақты, сабыры мол жан еді. Он ағайынды әулеттің үлкені. Енеммен 30 жыл бірге тұрып, балаларымды бір жасқа жетпей енеме қалдырып, жұмысқа шығып кететінмін. Сөйтіп бала да туып, 30 жыл мемлекетке де қызмет етіп үлгердік. Қыздарды ұзатып, ұлдарды үйлендірдік. Қандай

қиын кезеңдерді өткерсек те, ерлі-зайыпты ретінде бір-бірімізді тыңдап, әйшәй деспей ғұмыр кештік. Анасын сыйлап тұрған соң жолдасың да сені тыңдап, төбесіне көтереді. Қазір міне алты келінім мен күйеу балаларым да солай мені құрметтейді. Келіндеріме жекіп, бөтенсініп көрген емеспін. Әулеттің шаруасын қартайғалы соларға бергенмін, ештеңеге араласпаймын. Өздері шешіп, өздері қояды. Мен тек осы балаларымның ортасында қыдырып, санаторийлерде демалып жүрген жайым бар. Енді қазіргі заманға келсек, барлық жағдайы жасалып тұрса да, 1-2 баласы болса да, бір-бірін түсініспей, ажырасып кетіп жатқан жастар көп. Отбасын сақтаудың басты сыры – бірінді бірін

тындай білуде және келін болғаннан кейінгі рөліңді жастайыңнан бойыңа сіңіре алуыңда. Біреуге бірден деп ақыл айту қиын, дегенмен бізде мұндай жақсы жағдай болмаса да осынша ұрпақ өсіріп, оларды толық отбасында жетілдірдік. Бәрі де адамның ниеті мен тілегіне және әрине тәрбиесіне, анасынан, өзінің отбасынан алған өнегесіне байланысты ғой, – дейді алтын құрсақты ана.

Бүгінде өнегелі отбасы республикалық байқауға дайындық үстінде. Осындай отбасылық құндылықтарды дұрыс қалыптастыру, балаларды патриотизм мен жалпыхалықтық құндылықтар рухында тәрбиелеу – әрбір әулеттің басты міндеті. Ол адамгершілік қасиеттерді жандандыруға және отбасы мәртебесін көтеруге септік етеді. Бұл өз кезегінде мемлекет іргесінің мықты болуына, қоғамда гуманизм қағидаттарының жаппай белең алуына әкеледі.

Осы аптада жұрт назарындағы жаңалықтар ішінде министрлер мен әкімдердің ауысуы көш бастағаны ақиқат.

## САБАҚТАСТЫҚ САҚТАЛСА...



## Еркін ҚЫДЫР

Жаңа келген басшыларға бата беріп, тілек арнап, тіпті дәлізде ұстап алып, біз сізді ұзақ күттік қой деп ағынан жарылғандар да табылды. Кеткендерді қаралап жатқандардың да қарасы қалың. Керісінше жаңа басшыдан саған не пайда, тендер бөліп бере ме, балаңды қызметке ала ма, не септігі тиеді? Ештеңе өзгермейді, «баяғы жартас – бір жартас» деп осы бастан күдерін үзіп отырғандар да аз емес. Дегенмен жаңалықтарды қосып қалсаң, жүзі бал-бұл жанған, жаңа ғана тағайындалған басшыларды көресің де, осыған дейін небір «өзгерістердің», «жаңашыл бас-тамалардың» ұйытқысы болған, кеше ғана екпінінен үй құлаған, тіпті «бір аймақ, бір саланы ғана емес, тұтас елді басқара алды ғой, данышпанымы-ай» деп «ниеттес» жұртшылық күнде «сүйсініп» отырған ескі басшы мүлдем байқалмайды. Бұл қалай сонда? Ол осы лауазымда нақты жетістікке жетті ме, жоқ әлде қолдан жасанды имидж жасап, жарнамалатып жүріп, жаңашылымын деп құр ұрандатып, жалаулатып кері кетті ме, не тындырды, не бітіре алмады? Бұлардың басым көпшілігі тағы да ірі лауазым иеленетіні сөзсіз. Бұл сонда жөн бе? Мұны кім саралап баға береді және қай жерде айтады? Халыққа хабары тие ме, жоқ әлде мұрағатта қалың қағаздың арасында шаң басып қала ма? Мұнан не сабақ алуымыз керек, олар орнына келген ізбасарына қандай мұра қалдырды? Ол ізбасар нені ескеру керек, нені әрі жалғастыру керек, неден аулақ болуы керек, нені үйренуі керек, сабақтастық сақтала ма? Міне біздің отыз жылдан астам жүйелі түрде жолға қоя алмай келе жатқан ірі олқылығымыздың бірі осы. Басшының қызметіне шынайы баға берілмейді, сабақтастық сақтала бермейді. Бұрынғы команда бастағандықтан елге, жұртқа орасан пайдасы тиетін өміршең жобалардың өзі жалғасын таппай жерге көміледі. Жаңа команда жаңа ғаламат жобаларды жоспарлайды. Енді іске асыра бастағанда... жаңа келген жаңа команда тағы да жаңа міндеттер белгілейді. Бәрі қайтадан басынан басталады. Біз осы мәселені осыдан отыз жылдай бұрын 1995 жылы 17 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Әкім болдым-ау, қанша күнге?...» деген сараптамамызда көтерген екенбіз. Жергілікті депутаттар жоғарыдан ұсынылған екі үміткердің бірінен әкімді, мәжілістегілер министрді таңдаған сияқты кейіп танытқанымен көп ештеңе өзгермеді содан бері. Әкім мен министр қанша мерзімге тағайын-

далады, не жоспарлап, не бітіріп үлгерді, мұны ешкім дөп басып айта алмайды. Сондықтан да «уақытша жүргендер» синдромының, тез «қарпып қалғысы» келетіндердің де бой көрсету қаупі үлкен. Қайдан тапқанымыз белгісіз, атақты бабамыз Жүсіп Баласағұнның «Әкім төтті өмірді сүйсе, елдің күні қараңғы» деген сөзін келтіріпсіз сол мақалада. Әйгілі дауыспаз айтыскер ақын Әселхан Қалыбекованың өлеңінен шумақ беріпсіз:

«Әкімдер келе сала там  
алады,  
Бай болу, құдай болу  
ансағаны.  
Там салып, көн-қоқсығы  
толған шақта,  
Халайық жаңа әкімді қарсы  
алады.  
Ол дағы сатып кетсем  
пұл болады деп,  
Бастайды там салудан  
бар шараны.  
Халықтың қаржысымен  
бітіріп ап,  
Өткізіп жекешеге ән салады.  
Арлыны, ақылдыны  
ары итеріп,  
Малдының ажарына зер са-  
лады» дегені рухы шат болғыр қақпаңгер Әселхан апамыз. Иә, қазіргі өлшеммен қарағанда там салып, жекешелендіру түк болмай қалды-ау... Жаңа Қазақстан барлық деңгейдегі әкімдерді белгілі бір мерзімге сайлауды біртіндеп іске асырып жатыр ғой. Әділетті, халық үніне құлақ асатын, есеп беретін әділетті елдің бір белгісі осы болса керек.

«Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Оны басқа жұмыстың бәрі бекер» деді Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы Жолдауында. «Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды» деген Мемлекет басшысының тұжырымын әрбір лауазым иесі жүрек түкпірінде сақтап, елге қызметтің қағидасы еткенде ғана Әділетті Қазақстан салтанат құрады.

Айтпақшы, әлгі мақаланың соңы былай бітеді: «Ел басқарушылардың арасында күдік туса, олар бұзылады» деген жолдар бар екен пайғамбарымыздың хадистерінде. Басшыға талап қоюмен қатар тиісінше құрмет көрсетуді де үйренгеніміз абзал. Басшы, ақылшы, жетекші, ел ағасы деген сөздерді халқымыз ардақ тұтқан азаматтарына арнады, мың қосшыдан бір басшы артық деді. Құқықтық мемлекет құрамымыз, әйтсе де адал басшы мен аяқ басшының ара жігін ажырататын заң жоқ. Өтпелі кезең өткелінде бас қамын ойлаған кейбір әкімдерді көріп, елдің басшыларға, ертеңімізге деген сеніміне селкеу түссе, ең ауыры сол болмақ...».



## СЕКСЕН КӨЛ СУАЛЫП КЕТПЕСІН...

Сексен көл Көкшетаудың саясында, Эрқайсы алтын кесе аясында, Ауасы дертке дауа, жұпар иісті, Көкірек қанша жұтса, тоясың ба? – деп ақын Сәкен Сейфуллин жырлаған Көкшетаудың төңірегінде, Сарыарқа мен Батыс Сібір өлкесінің түйіскен тұсында киіктің жанарындай мөлдіреген көркем көлдер аз емес.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Сәкен «сексен» деп сипаттай айтқанмен, шын мәнінде, бұл өлкедегі айдын көлдің саны ол кезде бұдан да көп болуы мүмкін. Өйткені жері теңіз деңгейінен биік, жазы жаңбырлы, қыста қар қалып түсетін бұл аумақта су тоқтап, көлге айналатын қазан шұңқырлар аз емес. Мәселен, 1959 жылы жарық көрген «Тың аймағындағы жерүсті су қорлары» деп аталатын ғылыми жинақта Көкшетау өңірінде 1515 көл болғаны айтылады. Осы көлдердің 1320-сының суы тұщы болған екен.

Кейбір деректерде «Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар, олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 км-ден асады, еліміздегі үлкенді-кішілі көлдердің саны да 40 мыңнан асады» деген мәлімет бар. Осыдан 4 жыл бұрын Үкімет мүшелері «бүгінде ауданы бір шаршы километрден асатын 2328 көл бар, сондай-ақ 2552 өзен жайлы ақпарат бар» деген мәлімет таратқан еді. Одан бері де бұл көлдердің қаншауының суы азайып, қанша өзен тартылып қалды? Бұл жөнінде нақты ақпарат жоқ. Мейлі қалай айтсақ та, еліміздің қай өңірінде болсын су тапшылығы мәселесі барған сайын күрделеніп, судың тартылып бара жатқаны шындық. Бұл жайт соңғы кездері Арқа алқабында да айқындала түсті. Демек «Сексен көл Көкшетаудың саясында» деп мақтанғанымызбен, қазір сол көлдің қаншасы қалғанын, қаншауының суы тартылып, қара топырақ қаққа айналғанын, суының құрамы қандай болғанын ешкім білмейді. Оны зерттеп, экологиялық ортасын жіті қадағалап отырған мекеме жоқ сияқты. Экология министрлігіне сенгенмен, олар да өтірік есеп көрсетуден аспай жатқандай. Өйтпесе Арқадағы көл суының жыл сайын азайып бара жатқанын, көп көлдің ластанып, іші қоқысқа толып кеткенін алдымен біз емес, солар айтып дабыл қағуы тиіс еді. Өкінішке қарай, біз ол министрліктен әзірше ондай әрекет байқап отырған жоқпыз. Тек жергілікті тұрғындардың, ел мен жер жанашырларының анда-мұнда шыққан жанайқайы болмаса, суалған көлге, арнасы құрғап, суы тартылған өзенге өзегі өртеніп жүрген ешкім жоқ.

Кеңес Одағы кезінде, 1956 жылы көрікті Көкше маңындағы көлдерге кешенді зерттеу жүргізілген. Зерттеу барысында Әуликөлде 36,2 млн, Айнакөлде 250 млн, Шабақты көлінде 141 млн, Шортан көлінде 256 млн текше метр су қоры бар деген қорытынды шыққан. Содан 30 жылдан кейін көл суларын тексергенде Әуликөлде

31 млн, Шортанды көлінде 225 млн текше метр су қалғаны анықталған. Ал одан бері бұл көлдердің суы қаншалық азайды деген сұрақ тұрғысынан ғылыми түрде берілген жауапты біз кездестірмедік. Шортан көлі Шүчье қаласында орталықтандырылған су жүйесінің су алатын көзіне айналған, көлге құйылатын бұлақтардың көбі суалып, көл жағасын қамыс басып бара жатқанын ескерсек, бұл көлдің сулары 1956 жылмен салыстырғанда тең жартысына жуығы тартылып кеткен болуы әбден мүмкін.

Қазақстан мен Ресей ғалымдарының дәлелдеуінше, Арқа төсіндегі көлдердің тартылуы өткен ғасырдағы тың игеру мезгілінен бастау алады. 1954-1960 жылдар аралығында жүргізілген науқан

маңындағы судың таяздап, көлдің түбі көріне бастауы көл суының тез қарқынмен суалып бара жатқанын анық аңғартады. Оның үстіне көл суының мейлінше ластануы, көл тағандары мен жиектерінің ұзақ уақыт бойы тазаланбауынан көлге «қуат» болған бұлақтың көзінің бітелуіне апарып соқты. Жылға-жылғадан жылап аққан бұлақ суларының көлге құймағанына да көп заман болды. Көл маңындағы тұрғындар тұрағының көріс жүйесінің ғылыми жобаланбауы, көлдің кей тұсынан қоқыс пен лас сулардың құйылып жатқаны Көкше көліне шомылмақ түгел қолды малуға болмайтын деңгейге жеткізді. Жақында «Астана ақшамы» газетінде «Арқаның маржанына қауіп төнді» деген тақырыпта мақала жазған ауыл шаруашылығы саласының ардагері Бейсембек Әлкенов «Галымдар «Бурабай» ұлттық паркіндегі көлдерде литийдің шеткі көрсеткіші 0,17-ден 5,7 деңгейіне, темір 2,1, мұнай қалдықтары 8-ге, ал талий 50-ден 500-ге дейін екенін айтады. Бұдан басқа, натрий, хлорид, ванадий, бромид, фтор белгіленген межеден бірнеше есе асып түседі» деген деректі алға тартады. Міне, біз мақтан тұтып жүрген Бурабайдағы көрікті көлдердің жағдайы осындай.

**ДЕМЕК «СЕКСЕН КӨЛ КӨКШЕТАУДЫҢ САЯСЫНДА» ДЕП МАҚТАНҒАНЫМЫЗБЕН, ҚАЗІР СОЛ КӨЛДІҢ ҚАНШАСЫ ҚАЛҒАНЫН, ҚАНШАУЫНЫҢ СУЫ ТАРТЫЛЫП, ҚАРА ТОПЫРАҚ ҚАҚҚА АЙНАЛҒАНЫН, СУЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАНЫН ЕШКІМ БІЛМЕЙДІ. ОНЫ ЗЕРТТЕП, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАСЫН ЖІТІ ҚАДАҒАЛАП ОТЫРҒАН МЕКЕМЕ ЖОҚ СИЯҚТЫ.**

кезінде Кеңес Одағы бойынша жалпы 41,8 млн га жер жыртылса, соның 25,5 млн гектары қазақ жері болды. Тусырап жатқан сары далада бұлайша ауқымды жер ашу аумақта экологиялық тепе-теңдікті бұзып, жердің су қабаты төмендеп, топырақтың ылғалдығы азайды. Бейберекет жер ашу көптеген бұлақ көзінің бітеліп, өзендердің тартылуына мұрындық болды. Осының әсерінен көлдерді көлдер кебірегі айналды. Арқа төсіндегі тіршілік нәрінің тартылуы осылай басталды.

Жалпы Арқа төріндегі көлдердің суалып бара жатқанын ешқандай зерттеу жүргізбей-ақ, жай көзбен көріп те аңғаруға болады. Мәселен, менің Бурабай алқабындағы бүгінгі жұрт орыстардың Малое Чебачье атауын «Кіші Шабақты» деп қазақшалап алған, шын мәнінде, тарихта Көкшенің Шалқары (Күміс көл, Айна көл деген атау – жазушылардың теңеуінен туған телімдер – Жамбыл Артықбаев) деп аталған көлдің жағасында жүргеніміз 5 жылдан асты. Осы 5 жылда көлдің суы 20 метр шегініп кетті, тек биылдың өзінде 2-3 метрге шегінген судың жағалауы да таяздап, бір метрге таяу төмендеп кетті. Ал осы көлдің жағасындағы Ақылбай ауылының ақсақалдары болса «көлдің суы біздің бала күніміздегіден 100 метрге жуық тартылып кетті» деген әңгімені жиі айтады. Биыл Бурабайдағы Әуликөл, Айнакөл, Шабақты, Шортан көлдерінің суы азайғаны да анық байқалды. Әсіресе кісі бойы көрінбейтін Жұмбақтастың

Бірақ оны тазартуға, көрікті көлдерді құтқарып қалуға Үкімет тарапынан қырпұлы қимыл байқалмайды.

Өткен жылы сәуір айында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында «Ақмолада Бурабай, Шортанды, Қопа көлдерін тазалау келер жылға жоспарланып отыр» деген еді. Сондай-ақ министрлік өкілдері үш көлді тазалауға шамамен 26 миллиард теңге қажет екенін де айтқан. Міне, содан бері бір жыл уақыт өтті. Айттылған уәде орындалмады-ау деймін, өйткені ала жаздай Бурабайда жүргенде көл тазалап жүрген ешкімді көргеніміз жоқ. Ал басын Шортан көлінен алатын Қылшақты өзенінің де арнасы тартылып, аңқасы кебуге айналды. Көкшетау қаласын қақ жарып өтіп, Қопа көліне құятын бұл өзеннің қала ішіндегі бөлігі қонси бастаған соң, әкімдік амалсыз тазалағаны болмаса, басқа 100 шақырымға жуық бөлігі мүлде қараусыз жатыр.

Ертеректе жазылған кейбір әдеби кітаптарда Көкше өңіріндегі көлдердің бір-бірімен жалғасып, тұтасып, бірінің суы біріне құйылып жатқаны айтылады. Бірақ қазір мұндай экологиялық байланыс мүлдем үзіліп, әрбір көл жетім суға айналған. Ол да жаңбыр мен қардың азаюы, бұлақ көздерінің бітелуі сияқты себептерден жыл сайын тартылып тарады. Дер кезінде ескеріліп, қорғау жұмысы жедел жүргізілмесе, бұл көлдердің суалуы тұтас Арқа төсіне алапат апат әкелуі әбден мүмкін.

## ЖАС ҰРПАҚ ЕСІРТКІГЕ ЕЛТІМЕСІН ДЕСЕК...

Қазір, есірткімен күрес үздіксіз жүріп жатқанына қарамастан, есірткі таратушылар да әртүрлі айла-тәсілді ойлап тауып, әсіресе жасөспірімдердің назарын аударады. Өйткені кез келген үйдің жанынан өтіп бара жатқан адамның қабырғадағы жазуға көзі түседі. Ол бала болса, жай ғана қызығушылық танытып, есірткі таратушылардың қармағына түсіп қалады. Мұндай жазулар мектепте де, үйлердің жанындағы МИБ пен ПИК-терде де бар. Балаларды содан сақтануға үйрету үшін күн сайын әрбір ата-ана есірткінің қаупі мен зияны туралы ашық әңгіме айту қажет деп ойлаймын.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Қазір есірткі сататын интернет-дүкендердің санын ешкім біле алмайды. Жұырда «Қарасора-2023» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында астаналық Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының қызметкерлері синтетикалық есірткі курьерін қолға түсірді. Әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг барысында күдіктінің құпия орындарға синтетикалық есірткі жасырып, оны таратумен айналысқаны анықталды. Психоактивті заттарды сатпақ болған интернет-дүкеннің 32 жастағы қызметкерінің бөлмесін тінту кезінде сатуға дайын 21 бума «Мефедрон» есірткі заты табылып, тәркіленді. Сондай-ақ Hyundai Accent автокөлігін тінту кезінде тағыда екі полиэтилен байламы тәркіленген. Одан әрі полицейлер күдіктінің тұратын жерін, оған іргелес аумақты тінту кезінде қоқыс жәшігінен рюкзак тауып алған. Оның ішінде екі синтетикалық полиэтилен пакеті және басқа да есірткі заттарын орау үшін керек-жарақтар болған. Осы факті бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Ер адам Астана қаласы ПД уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Есірткі заттарын қойып кететін курьерлер де көбейіп келеді. Астаналық полицейлер есірткі қойып кетуші курьерді анықтады. 24 жастағы күдікті өз әрекетін үйлестірушінің нұсқауымен астаналық жастар арасында одан әрі тарату үшін «тауарларды» алған интернет-дүкеннің көмегімен жүзеге асырып отырғаны белгілі болды. Жеке тінту кезінде оның әмиянынан ұнтақ және түйіршіктер түріндегі зат салынған 35 бума тәркіленді. Тәркіленген зат салмағы 31 грамм «Мефедрон» есірткі заты екені анықталды. Жас жігіт қамауға алынып, аталған факті бойынша ҚР ҚК 296-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Негізгі айыпталушыларды анықтау және одан әрі ұстау бойынша жедел іздестіру шаралары жүргізілуде.

Астанада жыл басынан бері 5 айда 362 есірткіге қатысты қылмыс тіркелген. Бұл, әрине, ресми ақпарат. Ал полицейлер анықтай алмай жатқан қаншама қылмыс бар. Қазір синтетикалық есірткінің заңсыз айналымына

тосқауыл қою мәселесі өте өзекті, күрделі болып тұр. Бұл бағытта жыл басынан бері 14 келі есірткі тәркіленген. Бүгінге дейін 4 есірткі жасап шығаратын зертхана анықталып, есірткі өндірушілер мен сатушылар құрықталды. Есірткі қылмысымен күрес басқармасының қызметкерлері 52 есірткі сататын сайтты жапқан. Соған қарамастан, есірткі қылмысына тартылғандар саны азаймай отыр. Олардың қатарында 5-сынып оқушылары да бар.

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Астана қаласы бойынша департаменті жетекшісінің орынбасары Гүлнар Ғаббасова елордада 1 ғана дәріхана медициналық мақсатта психотроптық заттар мен прекурсорларды сатуға лицензия алғанын айтады.

«2023 жылдың 1 мамырындағы ахуал бойынша елордада 820 дәріхана бар. Соның ішінде «Максидар-фарм» атты ЖШС ғана есірткі заттарын медициналық мақсатта сатуға заңды лицензия алған. Алайда мұндай заттарды басқа дәріханалар сататынын жоққа шығара алмаймыз. Бір өкініштісі, біздің департамент тексеріс үшін дәрілік препараттарды сатып ала алмайды. Өйткені заңнамада ондай бап жоқ. Сол себептен есірткі заттарын сатушылардың шаруасымен прокуратура, Есірткі қылмысымен күрес басқармасының мамандары айналысады. Мысалы, қазір «Трамадол» дәрісі психотроптық хаттар тізіміне енгізілді. Десек те бұл жұмыс соңына дейін жасалмағандықтан, осы препаратты дәріханалардан сатып алуға болады» дейді Г.Ғаббасова.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Берік Қайкенов белгілі бір концентрацияда адамның ауыр психологиялық және физиологиялық тәуелділігін тудыруы мүмкін медициналық препараттар тобының қаупі зор екенін айтады.

«Әдетте, олар дәріханаларда тек дәрігердің рецептісі бойынша сатылады. Бірақ кейбір алаяқ сатушылар оларды еркін сатады. Бұл дәрі-дәрмектердің арасында ауырсынуды басатын, седативті, ұйықтататын дәрілер бар. Қазір ағзада есірткінің болуына тест ерікті түрде жасалатынын, нашакорды мәжбүрлеп емдеу тек сот шешімімен жүзеге асатынын ұмытпауға тиіспіз. Тәжірибе көрсеткендей, дәріханалық нашакорлықтан жасөспірімдер көбірек зардап шегеді» дейді ол.



**Т**өлеуғазы Нұркенов 1953 жылы 16 қыркүйекте Қарағанды қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. Нағыз өндіріс орталығы. Кеңестік кезеңде ол көмір ошағының үшінші орталығы болатын. Әкесі Қамаш – Абай селолық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің төрағасы, анасы Күмісжан – ұй шаруасындағы адам. Жанұяларында төрт ұл, төрт қыз бала. Төлеуғазы осындай татулығы жарасқан үлкен жанұяда өскен. Балалық шағын еске алғанда, Төлеуғазы:

– Әкеміз қатал кісі еді. Жұмыс десе жанын беретін. Ол кісінің адалдығы бір басқа, басқару қабілеті ерекше болатын. Әкемізді жұрт қатты сыйлайтын. Біз ол кісіден кәдімгідей именетінбіз. Үйдің шаруасында ол кісінің жұмысы жоқ еді. Барлық іс анамыздың мойнында болды, сондықтан біз шамамыз келгенше көмектесуге тырысатынбыз. Үйде әрқайсымыздың өзіміз атқаратын белгілі жұмыстарымыз бар. Біз оларды уақытында, бұлжытпай және жақсы орындауға талапты болдық. Еңбегіміздің бағасын анамыз кешкісін, шай ішіп отырғанда, әкеміздің көзінше беретін. Осыны білетін біз қашан да оқуымызды жақсы оқып, үйдегі шаруаға да ұқыпты болатынбыз, – дейді.

Осындай тәрбие көріп өскен жігіт мектепті 1971 жылы жақсы бағамен бітіреді. Күзде Армия қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Одан оралған соң Алматыдағы Мемлекеттік Еңбек Қызыл Ту орденді Ауылшаруашылық институтына түседі. Оны үздік бітіріп, агроном мамандығын иемденеді. Институттың жолдамасымен Алматы облысының ауылшаруашылық басқармасына бас агроном болып, еңбек жолын бастайды.

Жас жігіт алғашқы қадамынан бастап-ақ белсенді және білгір маман ретінде таныла бастайды. Оны Алматы облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің аппаратына жұмысқа шақырады. Төлеуғазы Нұркенов облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарының көмекшісі болып тағайындалады.

Осы бір кезеңді Төлеуғазы былай суреттейді:

«Ол кезде төрағаның бірінші орынбасары болып соғыс ар-

## ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Адам өзі қалаған жұмысын атқарғанда, үлкен табыстарға қол жеткізеді. Бұл шынайы шындық. Сөзімізге арқау болып отырған азамат – Төлеуғазы Қамашұлы Нұркенов.



дагері Қазтай Нұрманбетұлы Ұларақов деген кісі атқарған. Соғыста оң қолынан айырылғанымен, сол қолымен керемет жазатын. Ол кісі өте қатал адам еді, бірақ сонысына қарамай шыншыл, әділ болатын. Сол бір жауапты қызметте жүргенде, мен сол асыл ағамыздан көп үлгі-өнеге алдым, көп нәрсені үйрендім».

Шынында, үйренетін нәрселер жеткілікті. Төлеуғазы Нұркенов бірінші орынбасардың көмекшісі болып, жұмыс атқаруға мекеме бастығының бақылауында ауылшаруашылық, құрылыс, сауда, байланыс мәселелері болды. Сондықтан сол мәселелер жайындағы мәліметтерді толық білуі қажет еді. Күн сайын атқарылып жатқан жұмыстарды қадағалап отыратын. Ол үшін облыстық, аудандық қызметпен кеңселердің басшыларымен тікелей байланыста отыратын. Иссапарға да жиі шығып, сол жердегі кадрлармен бетпе-бет кездесіп, олардың атқарып жатқан жұмыстарын көзімен көріп, әрбірінің қабілетін анықтайтын. Бұл тынымсыз жұмыстың нәтижесі де бар еді. Төлеуғазы үлкен тәжірибе мектебінен өтті десек те болады.

Өзіне өмірлік тәжірибе жинаған маман жігіт Алматы

облыстық ауылшаруашылық басқармасына бас маман болып тағайындалады. Мұнда ол жерді пайдалану, жерді өңдеу, жерді қорғаудағы теориялық білімін іс жүзінде пайдалану мәселесімен етене шұғылданады. Тағдыры оны қайтадан жерді, жер құрылысы кәсібіне мәңгілікке алып келеді.

Төлеуғазы өндірістік дағдылары мен мол тәжірибесіне қарамай, теориялық білімін көтеруге талпынады. Ол С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық университетінің жерді пайдалану факультетін тәмамдайды. Өз мамандығының барлық қыр-сырын жақсы білетін, өз ойын пайымдай алатын дәрежеге қол жеткізеді. Өз саласының бағытына творчестволық көзқараспен қарап, көп мәселені шешудегі жаңалықтарға қол жеткізе алатынын танытады. Өзінің осындай қасиеттерімен Төлеуғазы Нұркенов жауапты мемлекеттік қызметтерге ұсынылады.

Ол Алматы қалалық атқару комитетінде бас маман болып бастап, өзінің жұмысына деген адал еңбегінің арқасында, Алматы қаласы Жер ресурстары комитет басқармасы төрағасының орынбасары дәрежесіне дейін өседі.

Өмірінің осы бір кезеңін

Төлеуғазы толғана отырып есіне алады.

– Мен жұмысқа орналасқан кезімде комитеттің төрағасы Бексырға Данышпанов ағай болатын. Ол кісі сол кездегі жерді орналастыру, жер қатынастары және жерді қорғау мен ұтымды пайдалану жөніндегі белгілі маман еді, – деп, мақтанып та алады.

Осы кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы тарихи шешімі шыққан еді. Бұл қаулыға Төлеуғазы қатты қуанды. Оның ойына бірден келген нәрсе – Ақмола қаласын ұлғайту үшін жердің жеткілікті екені.

1998 жылдың ақпан айында Төлеуғазы Нұркенов Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің төрағасы Бақыт Сағындықұлы Оспановқа сұқбатқа шақырылады. Ол кісі Төлеуғазыға жаңа астананың Жер ресурстары басқармасы қалалық комитетін басқаруды ұсынады. Ойлануға уақыт береді. Ол бірден әкесімен ақылдасады. Әкесі: «Балам, бұл ұлы көш. Көшпен қалуға болмайды. Халықпен бірге бол!» деп батасын беріпті.

Төлеуғазы Нұркенов әкесінің батасын алып, Бақыт Сағындықұлына келісімін беріп, Ақмола қаласына ұшақпен

ұшып кетеді. Оны қары борпаған, суық, қоңыр да көңілсіз шағын қала қарсы алады. Ол келе салып, білегін сыбанып, осы қалада болашақ астананы көтеруге кірісіп кетеді. Қолда бір ғана құжат – лауазымды қызметке бекітілгені турасындағы бұйрық. Басқасын ол өзі ұйымдастыруы қажет еді. «Целингипрозем» мекемесінен екі бөлме бөлінеді. Бара-бара үйдің бір қабатын иемденеді. Банкте есеп-шот ашылып, жаңа кадрлар жинақталады. Еншілес шаруашылық кәсіпорындар ашыла бастайды. Соның бірі – «АстанагорНППЦзем» жобалау институты. Оны Хатиев Нұрман басқаратын болады. Мамандарға білімі мен кәсіби тәжірибелерін тереңдетуге, дұрыс шешім қабылдауларына мол мүмкіндік жасалады. Өзінің қызметі турасында Төлеуғазы:

– Біздер осылай қызу жұмысқа кірісіп кеттік. Біздердің басты мақсатымыз – салынатын объектілерге бөлінетін жер телімдерін және олардың құжаттарын дұрыс әрі уақытылы даярлап отыру. Бұған қоса пайдалануға берілген объектілердің құқықтарын анықтайтын төл құжаттар да уақытылы жасалуы тиіс еді. Барлық объекті Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен, еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевпен келісілген қаланың Бас жоспарына сәйкес салынып жатты, – деп, мақтаныш сезімімен еске салды.

Жеке адамдар мен заңды тұлғаларға қала аймағынан жер бөлу турасында жер туралы ережеге сәйкес Астана әкімінің қаулысымен Жер бөлу комиссиясы құрылды. Оны қала әкімінің орынбасары басқарды, ал көмекшісі болып Төлеуғазы бекітілді. Олардың алдында, Астана қаласының қазіргі замануи қайталанбайтын келбетін жасау мақсаты тұрды. Объектілердің құрылысын тездету, жер телімдерін заң тәртібіне сәйкес уақытында бөліп отыру заң аясында жүргізіліп жатты. Ашық та адал жұмыс жасалды.

Ол жылдары жаңа астананың жер көлемі 25,2 мың гектар болатын. Ол тез арада игеріле бастады. Оны ұлғайту үшін жаңа жоба жасауға тура келді. 2000 жылдың 8 тамызында «Астана қаласына жаңа жерлерді енгізу туралы» Тұңғыш Президенттің қаулысы шықты.

Бұл күндері қала аумағы 80 мың гектар болып отыр. Өзінің кәсіби ұзақ қызметінде

Төлеуғазы Нұркенов бірде-бір рет өзі таңдаған мамандығынан айныған емес және оған адал болды. Өзі таңдаған мамандығын терең зерттеп, өз ісін қажетке жарата білді. Өзі жақсы болғандықтан, оның қасында қашан да жақсы жандар жүрді.

Осы салада он сегіз жыл еңбек еткен жылдары ол жеті әкіммен жұмыс жасады. Олардың барлығы адамгершілігі мол, жауапкершілігі ерек жандар болатын. Олар өздерінің қарамағындағыларға күшті талап қоя білді және оларды сыйлай да білді. Төлеуғазы өз жұмысында ешқашан ескерту алмаған екен.

Төлеуғазы Нұркенов еңбек еткен сол бір жылдар Астана құрылысының дамып, шарықтаған кезеңі болатын. Маман азамат сол өрелі іске творчестволық көзқараспен қарап, адал еңбегімен жұрт құрметіне бөленді. Ол өзімен бірге еңбек еткен Қасым Аппасұлы Тауқенов, Фарид Хабибрахманұлы Галимов, Сергей Михайлович Тихонский, Сансызбай Сейітжанұлы Есілов, Сергей Михайлович Хорошун, Жанбыршы Есетұлы Нұркенов, Владимир Львович Калик және басқаларын жиі еске алады. Оларға деген құрметі ұшан-теңіз. «Біздер, Астана қаласының жаңа тарихын жанқиярлық еңбегімізбен жасаған едік» деп, толғанады ер азамат.

Төлеуғазы Нұркенов – жерді қорғау, ұтымды пайдалану, жер құрылысы жөніндегі білгір маман. Ол «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, көптеген медаль мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бұл күндері өзіміз өміріне біраз шолу жасаған Төлеуғазы Нұркенов 70 жасқа толады. Әріптестерімен бірге өзі өмірлік қалаған мамандығы турасында көпшілікке қамқоршы, жастарға ұстаз.

Торқалы тойыңыз құтты болсын, Төлеуғазы! Жүзіңізден нұр таясын! Бала-шағаңыздың қайсына, еліңіздің арасында шалқып өмір сүре беріңіз!

Өзіңізді білетін, сыйлайтын адамдар мен Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің бөлесділері атынан Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға шаттық, еңбегіңізге жеміс тілейміз! Әрдайым еліміздің елеулісі бола беріңіз!

**Амангелді ӘШПРОВ,**  
**Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиаотбасының жетекшісі**

## ЕҢ БІРІНШІ БАҚЫТЫМ – ТІЛІМ МЕНІҢ...

Елімізде тіл мерекесі аталып өтілді. Тіл – біздің ең қасиетті, ең киеліміз. Өз тілінде сөйлемей, тілді шұбарлап сөйлеу – ертеңгі болашаққа балта шабумен тең. Тіл құрыса, жер бетінен халық та жоғалады. Ол елдің мәдениеті де, өркениеті де ұмыт болады.

Қазіргі қоғамда ана тілін білмейтін жеткіншектер өсіп келе жатқанын көргенде, жүрегім қан жылайды. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих екенін ескерсек, қазір сол балалардан туылған ұрпақ қай тілде сөйлейді?! Қай елдің баласымын деп айтады?!

Қазақстан Республикасы Конституциясы 7-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп бекітілген. Десек те, бұл Ата Занды бәрі бірдей ұстана бермейді. Әркім өзінше түсініп, ресми тілдің де қолданыста екенін алға тартады. Иә, оған қарсылық жоқ. Бірақ, ұлтың қазақ емес пе?! Неге өзіңнің туған тілінде сөйлесемекпе?!

«Мемлекеттік тіл – еліміздің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын

жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» делінген «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңының 4-бабында.

Қазақстан Республикасындағы басқа ұлт өкілдеріне, өзіміздің азаматтарға «біздің тілді үйрен, жұмыс істеп, қызмет атқарғың келсе, өзің жүрген елдің тілін біліп, заңын құрметте» дегіміз келеді.

Қазіргі таңда барлық мемлекеттік мекеме іс қағаздарын тек қана қазақ тілінде жүргізу керек, ал арыз-шағымдар қай тілде түссе, сол тілде жауап беріледі деген қағида бар. Бірақ іс қағаздар көптеген мекемеде қазақ тілінде жүргізілмейді. Көбі аудармамен айналысады.

Бұл – істің жалпы мемлекеттік тілде

сотқа берілу пайызын арттыру үшін жасалып жатқан әрекеттер.

Өзім мемлекеттік қызметкер болғандықтан, іс бойынша тараптарға алдымен қазақ тілінде амандасамын. Әңгімелесуші тарапқа қай тілде сөйлеу ыңғайлы болса, сол тілде сөйлеп, реті келсе, қазақ тілінде әңгіме өрбітуге тырысамын.

Тілге деген құрметті мемлекеттік мекемелердің жүзеге асыруын ғана қадағаламай, Қазақстан Республикасындағы барлық азаматтың біздің ана тілімізге құрметін жоғарылату үшін жұмыс істеуіміз қажет.

Әркім өзінен бастауы керек. Тілдің одан әрі жалғасып, жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін әр адам өзінің отбасында, кішкентай сәбидің өз ана тілінде сөйлеуі үшін алдымен ата-ана, балабақша, мектеп, барлық қоғам болып ат салысуымыз керек.

**Жібек ТОҚМАҒАНБЕТОВА,**  
**Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 95 және 96-баптарының талаптарына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 41-тармағының 4-тармақшасына және 42-тармағына сәйкес, 20.09.2023 ж. бастап 03.10.2023 ж. дейінгі кезеңде «Алюминий өндірісі», «Шойын және болат өндірісі», «Қара металды одан әрі қайта өңдеу бұйымдарының өндірісі», «Көмір өндіру және байыту»,

«Мұнай және газ өндіру» ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтарының жобаларын қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтардың жобаларын Бірыңғай экологиялық порталдан, жарияланған жария талқылаулар айдарынан қарауға болады (Ecorportal.kz).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда (Ecorportal.kz) қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 18, «Москва» бизнес-орталығы, 18-қабат, тел. 8 7172 797-795.

### ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бөгенбай батыр даңғылы – Кеңесары көшесі – Күмісбеков көшесі – Сарыарқа даңғылы шекараларындағы А, Б слободқа жоспарлау ауданының инженерлік желілері мен жолдары. Астана қаласында Бөгенбай батыр даңғылынан Ә.Жангелдин көшесіне дейін К.Күмісбеков көшесін салу. Түзету» жұмыс жобасы бойынша 27.09.2023 ж. мерзімінен бастап бес жұмыс күні ішінде көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, тел.: 8 (7172) 55-69-23.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ, тел.: 8 (7172) 55-75-11.

№107 (4540) 09/09/2023 Сенбі



## СӘКЕН МЕН АХМЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарасты мекемелерде Қазақстан халқы тілдері күніне орай бірқатар іс-шара өтті. М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада «Даналық диқаншысы» атты танымдық сағат, ал Сәкен Сейфуллин мұражайында дәріс оқылды.

Танымдық сағат «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген қазақ тілі білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының

мұраларына арналды. Оған №6636 әскери бөлімінің жауынгерлері қатысты. Тағылымды шара барысында ұлт ұстазының жас ұрпаққа ұлағат болар сөздері айтылып,

еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылды. Сондай сөздерінің бірі – «Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек». Ал көрмеден «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш», т. б. еңбектері орын алды.

Тілдер күніне арналған дәрісті Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығының қызметкері Қабиден Қуанышбай оқыды. Дәрістің дәл Сәкен Сейфуллин музейінде оқылуының өз себебі бар.

Сәкен Сейфуллин 1922 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын ұйымдастырып, жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған. Қаншама қарсылыққа қарамай осы шараны сәтті атқарып шыққан. «Кеңсе тілі – қазақ тілі болсын» деп шырылдаған да Сәкен еді. Ахмет те, Сәкен де қазақтың тілін қасиетті тұғырына қондыру үшін еңбек етті. Шара барысында қос тұлғаның арасындағы сабақтастық әңгіме өзегіне айналды.

## ҰСТАЗ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Астанадағы Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінде тілдер мерекесіне орай осы мектепті 2005-2018 жылдары басқарған ұлағатты ұстаз, Қазақстанның білім беру ісінің құрметті қызметкері Ербол Іргебай атындағы кабинет ашылды.



Дәрісхананың ашылу салтанатына белгілі алаштанушы ғалым, жазушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай, Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру департаменті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Қайырбек Кеменгер, қалалық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымының басшысы Батыр Әлиұлы, Астана қаласы бойынша әдістемелік орталық әдіскері Күнімбала Баяхметбаева, композитор Кентау Назарбек, Ербол Іргебайдың отбасы мен туыстары, үзеңгілес достары қатысты.

Аталған кабинетте Абай Құнанбайұлы, Мұхтар

Әуезов, Қайым Мұхамедханов сынды тұғырлы тұлғалар туралы мәліметтермен қатар, Ербол Ісләмұлының еңбектері топтастырылған.

Шараны ұйымдастырушылар жаңа дәрісхана бұдан былай өскелең ұрпақтың ұлтжанды азамат болып қалыптасуына өзіндік септігін тигізіп, мұнда жинақталған құнды кітаптар, мазмұны бай ақпараттар қоры тәлім-тағылым береріне сенімді.

Ербол Іргебай өмірінің соңғы жылдары Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп-гимназияны басқарды. Осы білім ошағында қазақ күресінен оны еске алуға арналған «Астана орен-2023» турнирі өтті. Жарысқа ел аймақтары мен Астана қаласынан 20-дан аса команда, 250-ден астам спортшы қатысты.

## МАҒЖАН ТУРАЛЫ ДИКТАНТ ЖАЗДЫ

Астана қаласының Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасы аясында қазақтың біртуар тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті.



Оған Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктердің өкілдері, елордалық Ассамблея жастары, азаматтық қоғам өкілдері және барлық ниет білдіруші қатысты.

Диктанттың тақырыбы «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» аталды. Іс-шараның басты мақсаты – Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту. Ұйымдастырушылардың айтуынша, диктант жазу қатысушыларға мемлекеттік тілде сауатты жазу деңгейін тексеруге мүмкіндік берумен қатар, Қазақстан азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етіп, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және оның қоғамдық маңызын арттырады.

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры гастрольмен Орал қаласына барады. Батыс Қазақстан облысының орталығында астаналық өнер ұжымы 26-30 қыркүйек күндері бес спектакль көрсетеді.

## ГАСТРОЛЬМЕН ОРАЛҒА БАРАДЫ

Оралдықтарға Н.Гогольдің «Үйлену» комедиясы, Р.Томаның «Сегіз ғашық әйел» детективті трагикомедиясы, В.Шукшиннің «Жарқын ойлар» сахналық фантазиясы, А.Островскийдің «Найзағай» драмасы және кішкентай көрерменге Т.Уфимцевтің «Шелкунчик» ертегісі ұсынылады.

Өнер ошағының жаңа 123-маусымы қазан айының аяғында ашылады. Аталмыш театр Астананың биылғы 25 жылдығына орай бірден қос премьерға дайындап жатыр. Оның алғашқысы А.Чеховтың «Шие бағы» комедиясы (қоюшы режиссері – Рача Махатаев), ал екіншісі Э.Ростанның «Сирано де Бержерак» романтикалық драмасы (режиссері – Ресей Федерациясының еңбек сіңірген әртісі, РФ еңбек сіңірген қайраткері Сергей Федотов).

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ҰЛТТЫҚ ИНКЛЮЗИВТІ ОЙЫНДАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ



Елордада «Жұлдызай-2023» ұлттық инклюзивті ойындары өтеді. Іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Спорт және дене шынықтыру комитеті, Ұлттық паралимпиада комитеті, «Жұлдызай және К» қоғамдық қоры ұйымдастырады.

«Жұлдызай» қоры ерекше спортшыларға арналған спартакиаданы 2016 жылдан бастап өткізіп келеді. Сайыстар былтыр алғаш рет «Жұлдызай» ұлттық инклюзивті ойындары ретінде жаңа форматта өтті. Биыл «Жұлдызай-2023» ойындары Астана қаласында Ж.Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайында, «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешенінде және №10 гимназияда ұйымдастырылады.

Ойындарды өткізу мақсаты – мүмкіндігі шектеулі

балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылданыуына, салауатты өмір салтын ұстануға, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін спорттық әлеуетін арттыруына ынталандыру.

Ойындарға 10-16 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер қатысады. Олар спорттың жеңіл атлетика, голбол, шағын футбол, үстел теннисі, «бес тас», «асық ату» және «тоғыз құмалақ» сынды ұлттық ойын түрлерінен сайысады.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №107

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**